«БЕКІТЕМІН»
Мектеп директоры
_______________ А.Ж.Усманова

«КЕЛІСІЛДІ»
балабақша әдіскері
_______________ А.Ш.Машекенова

**«Х.Капанов атындағы Орал Халықаралық гимназия» балабақшасы**

2025-2026 оқу жылына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
бағдарламасның мазмұнын іске асыруда ұйымдастырылған оқу қызметінің циклограммасы.
«Дарын» мектепалды тобы (5-6 жас)

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Мектепке дейінгі ұйымы: Х.Капанов атындағы ОХГ балабақшасы**
**Топ: «Дарын» мектепалды тобы**
**Балалардың жас: 5 жас**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 13.04-17.04.2026ж**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 13.04.2026** | **Сейсенбі 14.04.2026** | **Сәрсенбі 15.04.2026** | **Бейсенбі 16.04.2026** | **Жұма 17.04.2026** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Дәйексөз: «Болашақ-кәсібін сүйген маманның қолында»** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Балалардың көтеріңкі көңіл-күймен келуіне жайлы жағдай жасау. | Тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуін қалыптастыру. | Қызыл жүрекшемен көңілді тілек айтып қарсы алу. | Балаларды әсем әуенмен, көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу | Достар әнімен қарсы алу |
| **Ата-аналар мен баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу,кеңес беру** | Күн сайын балаңызға мейірімділік туралы қысқа әңгіме айтып беріңіз. | Ата-анаменлармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу. | Достарына жақындарына мейірімділік таныту керектігін айтыңыз | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстайтынын жайлы әңгімелесу | Демалыс күндері баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың іс-әрекеті ( ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, экспериментальдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)** | **«Әнұран»** айту<br>**Сурет бойынша әңгімелесу:**<br>«Ғарыш әлемі»<br>Шарты: Ғарыш, ғарышкер туралы түсініктерін кеңейтіп, ұжыммен бірлесіп әрекет жасайды.**(**Қарым-қатынас іс-әрекет. Сөйлеуді дамыту**)** | **Үстел үсті ойыны:**<br>«Конструктор»<br>Шарты: Конструктор бөліктерінен зымыранды құрастыра отырып, төзімділікке икемденеді. (Шығармашылық іс-әрекет Құрастыру) | **Қоршаған ортамен танысу**<br>Ойын әрекеті<br>Жануарлардың төлдерін сәйкестендір.<br>Шарты: Суретте берілген жануарларды төлдерімен сәйкестендіру. | **«Құстар» әңгіме құрастыру.**<br>Шарты: Бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыра алады.<br>Қарым-қатынас іс әрекет. Сөйлеуді дамыту**)** | **Үстел-үсті ойыны:**<br>«Қайсысы артық?»<br>Шарты: Балалар геометриялық пішіндерді көлеміне байланысты орналастырып ойнай алады. |
| | Жаттығулар кешені | | | | |
| **Таңғы ас** | Ойын- жаттығу<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен. | Ботқа-денсаулығымызға пайдалы | Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу. | Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. | Ас ішу мәдениетімен таныстыру. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)** | **Дамытушы ойын:**<br>**«Ойлан, тап»**<br>1.Ғарышкер сөзіне сөйлем құрастыр.<br>2.Зымыран сөзін буынға бөл.<br>3.Апта күндерін ата.<br>4.Бір жылда неше ай бар, | **Дидактикалық ойын:**<br>«Сандар шатасты»<br>Шарты: Ойын барысында сандардың орны жайлы білімдерін нығайту. (Танымдық іс-әрекет. Математика негіздері).<br>**Қазақ тілі*** ** | Бейне ролик тамашалау.<br>«Ғарышкер боламын»<br>Шарты: Ғарышкер туралы видео ролик қарау.**(**Қарым-қатынас іс-әрекет. Көркем әдебиет**)** | **Сахналық ойын:**<br>«Бір уыс мақта» ертегісін сахналау.<br>Шарты: Балалар өз беттерімен ойынға қатыса алады. **(**Қарым-қатынас іс-әрекет. Көркем әдебиет**)** | Ойын: «Планеталар»<br>Шарты: суреттердің атауын атап, олардың суретін салу. (Шығармашылық, сөйлеуді дамыту) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бір айда неше күн бар?<br>Шарты:Балалардың сөздік қоры молайып, сұрақтарға толық жауап береді.<br>(Қарым-қатынас іс әрекет)<br>Сауат ашу | Тілдік дамытушы орта: өзін қоршаған ортадағы заттар туралы айта алады. | | | |
| **Кестеге сәйкес ҮІӘ** | **1.Дене тәрбиесі**<br>(Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша).<br>**2.Қазақ тілі**<br>(Қазақ тілі педагогінің) жоспары бойынша<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Мен ғарышкер боламын» Ж. Смақовтың өлеңі<br>1.-Суретте не бейнеленген?<br>-Бала нені армандап тұр?<br>-Ойыңды ортаға сал.<br>-Сен ғарышкер болғың келе ме?<br>-Қандай ғарышкерлерді білесің?<br>2.Жұмбақ жасыру:<br>Күміс қанат сұңқары<br>Көкке еркін сүңгиді<br>Бұлттан да тым әрі<br>Кеткен жанды кім дейді?<br>(Ғарышкер)<br>3. Мақал-мәтел:<br>Жеті қарақшыны таныған адам,<br>Жеті қараңғы түнде адаспайды.<br>4.Суретпен жұмыс (сұрақ-жауап)<br>5. Дәптермен жұмыс:<br>Суретті бастырып бояп, жұмбақ шешу.<br>Қорытынды: Кім деген ғарышкерлерді білесіздер? | **1.Дене тәрбиесі**<br>(Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша).<br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: «Мен ғарышкер боламын» сурет бойынша диалог әңгіме құрастыру. (Хабарлы, сұраулы)<br>1. Жұмбақ жасыру:<br>Аспанда бір алып құс<br>Ызғып ұшып барады.<br>Қарап тұрсаң, ғажайып,<br>Соңында із қалады.(Зымыран)<br>2. Иллюстрациялық суреттер қарау.<br>3. -Ғарышкер неге ғарышқа ұшады? Сұрақ-жауап.<br>4. Сергіту сәті: «Бойды сергек тік ұста»<br>5.Дәптермен жұмыс 35бет<br>6.Ойын: «Жетіспейтін құрастырғышты тап»<br>Шарты:Зымыранның жетіспей тұрған бөліктерін тауып қосады.<br>**Қорытынды:**<br>Әуе көлітерін ата?<br>**3.Сауат ашу негіздері**<br>**Тақырыбы:**<br>«Білімді, ептілікті бекіту»<br>1. Шаттық шеңбер: «Кел балалар, күлейік»<br>2. «Ғарышкер» сөзін буынға бөлу, «Ғ» әріпінен басталатын сөздерді айту. | **1.Дене тәрбиесі**<br>(Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша).<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы:<br>«Ғ»дыбысымен таныстыруды жалғастыру, қайталау.<br>1.Жұмбақ жасыру:<br>Стадион, сарай, театр<br>Мешіт, көпір, кәрізің<br>Қоғамдық құрылыс<br>Жалпы атауын бұлардың<br>Қалай атайды дұрыс?<br>(Ғимарат)<br>2. Д/о: «Жұлдызды аспан әлемі» шарты: аспанда болатын денелерді табу (ай, жұлдыз, күн т.б)<br>3. «Ғ» дыбысы естілетін суреттерді белгіле.<br>4.Сергіту сәті:<br>«Қанатымды жазамын»<br>5. Дәптермен жұмы<br>6.Д/ойын: Сөздерді айт.<br>Шарты: буындардан сөздер (ауызша) құрастыру.<br>Қорытынды: Қандай дыбыспен таныстық?<br>**3.Математика негіздері**<br>Тақырыбы: «Көлемдерді салыстыру»<br>1.Ойын: «Фигуралардың көлемдерін салыстыр»<br>2.-Қауын мен | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы «Кім ақылды?» тақырыбында әңгіме құрастыру.<br>1. Мақал-мәтел:<br>Дос ажарың, жолдас базарың.<br>2.Сурет бойынша өз ойың жеткізу.Досы туралы әңгімелеп беру.<br>3. Өлең жаттау:<br>Қуанышты қайғымен,<br>Бөлісетін адам бар.<br>Мұнайғанда тағы да,<br>Қолдаушың досын бар.<br>4. Дәптермен жұмыс 26бет<br>5.Сергіту сәті: «Біз ұшамыз, ұшамыз»<br>6.Д/о: «Досыңды сипатта» шарты: өзінің дос туралы айта алады<br>Қорытындылау:Сенің досың қандай?<br>**2.Сауат ашу негіздері**<br>Тақырыбы: «Б» дыбысымен танысу.<br>1.Шаттық шеңбері:<br>Қайырлы күн !<br>2.Жұмбақ<br>Үш көзді батыр<br>Жолды ашып жатыр.<br>(бағдаршам)<br>3.Дәптермен жұмыс. 28бет<br>Б дыбысын ауада жазу;<br>-Б дыбысын жалғастырып жазу. | **1. Қазақ тілі**<br>(Қазақ тілі педагогінің) жоспары бойынша).<br>**2.Көркем әдебиет**<br>**Тақырыбы:** «Мысық, әтеш, және түлкі<br>1.Суретте қай ертегі бейнеленген?<br>2. Сурет бойынша ертегі мазмұнын, оқиға жүйесін сақтап баяндаймыз<br>3.Сұрақ-жауап.<br>4. Сергіту сәті: «Қол ұстасып, қане, біз!»<br>5.Дид ойын: «Қай аң жасырынған»<br>Шарты:қай ертегі екенін және жасырынған аңды тауып атайды.<br>Қорытындылау:<br>Жұмбақ<br>Мұртын сипап күні бойы,<br>Бетін сусыз жуады.<br>Тысырды аңдып түні бойы,<br>Тышқанды көп қуады.<br>(тышқан)<br>Бұрап қойған сағаттай,<br>Айқайлайды таң атпай.<br>(әтеш)<br>**3.Жапсыру**<br>Тақырыбы: «Зымыран»<br>Тілек айту: -Мен ақылдымын,<br>-Айға ұшамын, жерге түсемін,<br>-Халқыма тыныштық тілеймін. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>**Тақырыбы**: «Ғажайып ғарыш»<br>Шаттық шеңбері: «Сәлем саған жер анам»<br>1.«Аспан әлемі» слайд қарау.<br>2. 1тапсырма: -Ғарышкер туралы сөйлем құрастыр..<br>2 Тапсырма: -Зымыран сөзін буынға бөл..<br>3. Дәптермен жұмыс<br>Қимылды ойын: «Зымыранды құрастыр»<br>4. Музыкалық үзіліс: «Мен ғарышкер боламын»<br>5. Аспан әлемін бақылау.<br>**Қорытынды:**Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері кімдер? (Т.Әубәкіров, Т. Мұсабаевті білу. Оларды құрметтеу). | 3. Дәптермен жұмыс.<br>Жұмбақ жасыру:<br>Тақиям толған сөк<br>Ерте тұрсам дым да жоқ. (Жұлдыз)<br>4. Д/о: «Көліктерді түсіне қарай орналастыр»<br>Шарты:көлік түрлерін атап орналастырады.<br>5.Сергіту сәті: «Шынығамыз жастай біз»<br>6. Үлгі бойынша штрихтау.<br>Шарты:Жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады.<br>Қорытынды: «Ғ» әріпінен келетін сөз ойла?<br>**4.Математика негіздері**<br>Тақырыбы: «Бүтін және бөліктер» Бүтінді бөлшектерге тең бөлудің үлгісін қарау.<br>1. Шаттық шеңбер:<br>Қолды көкке созайық,<br>Азайтайық, қосайық.<br>Сан есептің сарайын,<br>Кәне бірге ашайық.<br>2.Жұптарын теңестіру тәсілдерін талдау.<br>3.Дид-қ ойын: «Алмаларды салыстыр»<br>Шарты:сурет бойынша салыстыра алады.<br>4.Сергіту сәті: «Алақанды ұрайық»<br>5.Дәптермен жұмыс 29бет<br>**Қорытынды**: бүтін мен бөліктердің үстінен саусағыңмен жүргіз. Оларды түстеріне қарай ата. | қарбыздың қайсысы ауырырақ?.<br>-Қарбыз қанша тартады?<br>-Қауын ше?<br>-Неге?<br>Белгілерді қой: <,>,=<br>Дәптер бетіне қарай отырып көлемдерді салыстыру. 38бет<br>3. Сергіту сәті: «1,2,3»<br>4. Д/о: «Ауыр, жеңіл»<br>Шарты:сурет бойынша ауыр және жеңіл заттарды тауып атайды.<br>**Қорытынды:** Темір мен мақтаның қайсысы ауыр?<br>**4.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Тақырыбы: «Көктем гүлдері. Көбею әдістері»<br>1. Шаттық шеңбер: «Күннің көзі ашылып»<br>2. Мақал оқу:<br>Қыз өссе-елдің көркі,<br>Гүл өссе-жердің көркі<br>3. Сурет бойынша бәйшешек гүлдердін жұптастыру, көбею жолын талқылау.<br>Сергіту сәті: « Көңілді күн»<br>4. Дид-қ ойын: «Екі бірдей гүлді тап»<br>Шарты:бірдей гүлдерді тауып қосады.<br>**Қорытынды:** Көктемде алғаш шығатын гүлдерді ата (бәйшешек, қызғалдақ | 4.Сергіту сәті: Мойнымызды бұрамыз.<br>5.Шарты: «Б» әрпін бастырып жазып, буындардан сөздер құрастыру.<br>6.Нүктелерді қосып сызып шық.<br>Қорытынды: Суреттегі заттарды ата. «Б» дыбысынан келетін заттарды қорша.<br>**3.Математика негіздері**<br>Тақырыбы: «Салыстыру»<br>1.Шаттық шеңбер: «Күн күлімдеп әлемде»<br>2.Дәптремен жұмыстана отырып, заттарды топтастырып, салыстыру. Белгілерін <, >,= қою арқылы салыстырады.<br>3.Д/о:«Бәрін бір сөзбен ата»<br>Шарты: сурет бойынша топтастырып атайды.<br>4. Дәптермен жұмыс<br>5. Сергіту сәті: «Оңға, солға»<br>6. Ойын: Топтағы заттарды салыстыр.<br>Шарты:топтағы ойыншықтарды қарастырып және салыстыра алады.<br>**Қорытынды:**<br>Бәліштің бөліктерін тап. Оларды ата, салыстыр<br>**4.Музыка**<br>(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) | 1. «Тұңғыш қазақ ғарышкері»<br>С. Қалиев<br>Зымыранды жапсырудын ең оңай, тиімді әдіс-тәсілдерін көрсету, талдау. Бөлшектерін жинау.<br>3.Сергіту сәті:<br>Арман қуып жасынан<br>Көктен көзін алмаған.<br>Ұшқыш болды жас ұлан.<br>Аспанда еркін самғаған.<br>4.Дидакти-қ ойын: «Не артық?»<br>Шарты: суреттегі артық суретті тауып белгілейді.<br>**Қорытынды:** Біз бүгін ненің бейнесін жапсырдық?<br><br>**4.Музыка**<br>(Музыка жетекшісінің жоспары бойынша) |
| **2-ші таңғы ас** | | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау. | Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. | Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру | Ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу | Балаларды дұрыс киіндіру (ауа-райына байланысты),қадағалау |
| **Серуен** | Картотека№<br>Дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбекке баулу | Картотека№<br>Дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбекке баулу | картотека №<br>Дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбекке баулу | картотека №<br>Дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбекке баулу | картотека №<br>Дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбекке баулу |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. | Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. | Сыртқа киетін аяқ киімдерін орындарына қойғызу. | Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін | Өлеңдер, тақпақтар, санамақтар және т.б. жаттату. |
| **Түскі ас** | Асың асың асыңа,<br>Береке берсін басыңа<br>Дастарханың мол болсын<br>Уайым қайғы жоқ болсын! | Тазалықты сүйемін.<br>Жуып жеймін үнемі,<br>Алма,алмұрт,шиені.<br>Суды жақсы көремін,<br>Тазалықты сүйемін. | Ереже айту.<br>Тамақ ішер кезде біз,<br>Сөйлемейміз күлмейміз.<br>Астан басқа өзгені,<br>Елемейміз, білмейміз. | Тамақтану (өз орнын білу, дұрыс тамақтану, асхана құралдарын ұстай білу, алғыс айту. | Балалардың тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдау.<br>Кітаптан ертегі оқу. |
| **Күндізгі ұйқы** | «Көктем» әнін тыңдату | «Түлкі мен тырна» ертегісін оқып беру | «Дос» әнін тыңдату | «Кім күшті» ертегісін айтып беру | «Туған жер» әндерін тыңдату. |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Ояну кешені№ | Ояну кешені№ | Ояну кешені№ | Ояну кешені№ | Ояну кешені№ |
| **Бесін ас** | Үстелге жақын отырып тамақтанамыз. | Қасығымызды оң қолымызға ұстаймыз. | Нанның қиқымын жерге түсірмейміз. | Ас-адамның арқауы | Тамақты асықпай ішеміз. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Үстел-үсті ойыны:**<br>«Ойық ішіндегі заттарды орналастыр»<br>Шарты: заттарды түсіне сәйкес орналастырады.<br>(Танымдық іс-әрекеті. Құрастыру) | **«Теннис»** үйірмесі<br>(Дене тәрбиесі нұсқаушысының жоспары бойынша) | **Кітаптар қарау:**<br>«Ғарыш әлемі» туралы кітаптарды қарау.<br>Шарты: Спорт түрлерін анықтайды. (Танымдық іс-әрекеті. Қоршаған ортамен таныстыру) | **Үстел-үсті ойыны:**<br>«Танграм» Шарты: құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату. | Қауіпсіздік сабағы:<br>От жақпа. Өрт қаупі туады. Сіріңкені ұстауға болмайтынын түсіндіру<br>**«Кел билейік»**<br>Би жетекшісінің жоспары бойынша |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Амирмен жеке жұмыс. Жаттап ал:**<br>Сабылып келді міне, сәуір айы<br>Сәуір айы қазақтың тәуір айы<br>Ибрахим.Нұрислам, | **Асылымға жаттату. Тіл ұстарту жаттығуы.**<br>Тем-тем-тем,<br>Көңілді көктем<br>Ыр-ыр-ыр<br>Жауады жаңбыр.<br>Шек-шек-шек,<br>Шығады бәйшешек<br>Ару. Сафия | **Амирге жеке жұмыс. «Ойлай отырып, ойнайық» Түзету-дамыту жұмысының барысында баламен әңгімелесу.**<br>Баланың тілін дамытуда «Саусақ» ойындарын пайдалану.<br>Нұрбибі Кәусар | Томириспен жұмыс. Жиындарды бөліктерге бөлуге және оларды қайта біріктіруге үйрету.<br>Мариям,Әсия | **Таймаспен жұмыс. Дидактикалық ойын**:<br>«Кім тез жинайды?»<br>К/нәтиже: Спорттық ойындар құралдарын ретімен орналастыра алады.<br>Шыңғыс, Мадияр |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуенге дайындық** | Киіну серуенге шығу. | Аяқ киімдерін дұрыс кию. | Киімдерінің түймелерін дұрыс тағу. | Өз беттерінше киінулерін қадағалау. | Қолдарына қолғаптарын киюін қарау. |
| **Серуен** | **Дене тәрбиесі****<br>**Ұлттық ойын:**<br>**«**Жұптасып тартысу»<br>Шарты: Басқарушының белгісі бойынша, қарсыласты өз жағына қарай, өз арқасы артында тұрған сызығы арқылы тартып алуға тырысады. | **Дене тәрбиесі****<br>**Қимылды ойын:** «Мысық пен тышқан»<br>Шарты: Барлық балалар айнала шеңберге тұрып, «тышқан» мен «мысық» таңдайды. «Тышқандар» «мысықтан» қашады, дөңгелек ішінде жүругеде болады . | **Дене тәрбиесі****<br>**Ұлттық ойын:**<br>«Білектесу»<br>Шарты:Ортаға шыққан екі бала бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. | **Дене тәрбиесі****<br>**Қимылды ойын:**<br>«Кім түртті?»<br>Шарты: Бұл кезде ойынға қатынасушылардың бәрі жабыла барып тұрады. | **Дене тәрбиесі****<br>**Қимылды ойын**:<br>«Өрмекші мен шыбындар»<br>Шарты: баяу, жылдам қозғалып, әртүрлі пішін жасап қатып қалады |
| **Балалардың үйге қайтуы** | **Өнегелі 15 минут**<br>Үйден балаларына «Көктем келді» тақырыбында сурет салу. | **Кеңес:**<br>«Үйде балаңыздың өзіне-өзі қызмет көрсетуіне қандай жағдай жасайсыз?» | **Өнегелі 15 минут**<br>Балалардың жеке бас гигиенасын қадағалау | **Өнегелі 15 минут**<br>«Ұр тоқпақ»ертегісінің сөздерін жаттау. | **Өнегелі 15 минут**<br>Үйден ертегі кітаптар оқып беру |

Тәрбиеші: Мектепқалиева Ж